

<p>үшін көлденең және тік интеграцияны қолдана алады.</p> <p>2. Бірнеше елде орналаса отырып, белгілі бір елдің заңнамасы мен басқа да ерекшеліктерін ескеріп, бас компанияның орналасқан жерін оңтайлы түрде таңдай алады.</p>	<p>2. ТҰК қабылдаушы елдің саясатына әсер ету үшін жеткілікті мүмкіндігі.</p> <p>Филиалдар салық салудан жалтарып, басқа ТҰК компанияларына ақша аудара алады.</p>
---	--

SWOT-талдаудан трансұлттық корпорациялардың күшті тұстары мен мүмкіндіктері және әлсіз тұстары мен қауіптері салыстырмалы түрде бірдей екенін байқауға болады. ТҰК инвестицияларды жүзеге асырады, өндіріс пен басқарудың жаңа технологияларын әкеледі, өнеркәсіптік әлеует қалпына келтіріліп, жаңа жұмыс орындары құрылады, ЖІӨ–ні арттырады, төлем балансына оң әсер етеді, экспорттық кірісті арттырады немесе импортты азайтады. Бұл өзгерістер өз кезегінде ел экономикасын нығайтады, азаматтардың өмір сүру деңгейін арттырады. ТҰК қызметіне бәсекелестіктің күшеюі және халықаралық ынтымақтастық жағдайларының жақсаруы әсер етеді.

Бүгінгі таңда ТҰК - капитал мен өндірістің шоғырлану деңгейінің ұлттық шекарадан асып, оның ұлттық ғана емес, әлемдік экономикада да берік позицияға ие болуының нақты көрсеткіші. Ірі энергетикалық бизнес көмірсутектерге бай елдердің мемлекеттік құрылымдарымен, ғылыми және қоғамдық ұйымдармен тығыз жұмыс істеуге мәжбүр. Дәл осы жағдайлар әлемдік энергетикалық сектордағы бәсекелестік динамикасын анықтайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Влияние транснациональных энергетических корпораций
https://ozlib.com/833552/sotsium/vliyanie_transnatsionalnyh_energeticheskikh_korporatsiy
- 2 Топ-7 энергетических компаний для инвестиций в 2021 году <https://fomag.ru/news/top-7-energeticheskikh-kompaniy-dlya-investitsiy-v-2021-godu/>
- 3 Румянцев А. По порядку становись // Нефтегазовая вертикаль. 1999.
- 4 Murphy D., Frideman C, Castro R. Can the E&P industry avoid future shock // Oil and Gas J. 1997.
- 5 <https://www.turbunist.ru/94-slijanie-i-pogloshhenie-sredi-mirovykh.html>
- 6 Транснациональные корпорации – в чем особенности
<https://vsdelke.ru/biznes/transnacionalnye-korporacii.html#preimuwestva>
- 7 Fortune Global 500 - 2021
- 8 BusinessMan.ru: <https://businessman.ru/transnatsionalnyie-korporatsii-spisok-krupneyshih.html>

УДК 327

ЕУРАЗИЯШЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ

Елмагамбетова Гулбану Меретбаевна
gulbanu.elmaganbetova.95@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Халықаралық қатынастар» мамандығының 2-курс
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Дәлелхан А.

Халықаралық қатынастар тарихында уақыттың түрлі кезеңдерінде заман талабына сай сан алуан идеологиялар мен теориялар қалыптасып, болып жатқан процестерге өзіндік әсерін, ықпалын тигізіп отырғандығы белгілі. Сондай маңызды идеологиялардың бірі – еуразияшылдық. Өткен ғасырдың алғашқы онжылдықтарында қалыптаса бастаған еуразияшылдық идеясы 80 жылдары жаңа бағыт алып, жаңа толқын қалыптаса бастады. Бұл бағыт қысқа уақыт ішінде ресейлік эмигрант элитасының көрнекті өкілдерін біріктірді. Еуразиялық идеялар алғаш рет «Исход к Востоку. Предчувствия и свершения. Утверждение евразийцев» атты 1921 жылы Софияда жарық көрген жинақта жариялана бастаған. Жаңа бағыттың нақты негізін қалаушы географ және саяси ойшыл П.Н. Савицкий болды. Князь Н.С. Трубецкая, философ Л.П. Карсавин де еуразиялықтарға тиесілі болды. Біраз уақыт еуразияшылдықты С.Л. Франк пен П.М. Бицилли қабылдады. Еуразияшылдықты жақтаушылар бірнеше жинақтар шығарып, мезгіл-мезгіл «Еуразиялық шежіре» шығарып отырған.

Еуразияшылдық идеясының дамып, қалыптасуына ресейлік және шетелдік тарихнама мен этнологияда елеулі үлес қосқан зерттеуші Л.Н.Гумилев еді. Ол өзін «соңғы еуразиялық» деп атаған болатын. Ол өзінің «Каспий төңірегіндегі мыңжылдық», «Этногенез және Жердің биосферасы» және «Русьтан Ресейге» атты бірнеше еңбектерінде еуразиялық тұжырымдаманы өзінің пікірлерімен одан әрі дамытқан болатын. Оның этногенез концепциясы еуразияшылдық идеясын одан әрі тереңдете түсті [1]. Неоуразияның тағы бір ірі өкілі Александр Дугин болды. Ол еуразияшылдыққа «үшінші жолды» – капитализм мен социализмнің үйлесуін, геосаясат және кеңестік консерватизм (КСРО Еуразиялық держава ретінде) идеясын енгізді. Дугин еңбектерінде еуразиялық тұжырымдамалар мен ережелер еуропалық "жаңа құқықтардың" тұжырымдамаларымен тығыз байланысты болды.

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Мәскеу Мемлекеті Университетіндегі 1994 жылғы 29 наурыздағы сөзі еуразиялық интеграцияның қазіргі заманғы институттары құрылысының бастапқы нүктесі, алғышарты болып табылады. Назарбаев «елдер өзегі» негізінде нақты жұмыс істейтін мемлекеттер Одағын құрудың орындылығын атап өтті [2]. Назарбаев бойынша еуразияшылдық – бұл сыртқы саяси және сыртқы экономикалық идеялар мен халықаралық ынтымақтастық басымдықтарының жүйесі. Сонымен қатар, еуразияшылдықтың бұл нұсқасы әлемге біркелкі ашықтықты білдіреді.

Осы негізде ресейлік экономист және халықаралық қатынастар маманы Евгений Винокуров «прагматикалық еуразияшылдық» тұжырымдамасын ұсынады [3]. Ол интеграциялық процестердің оң ғана емес, теріс экономикалық нәтижелері де болуы мүмкін сауда мен әл-ауқаттың төмендеуіне әкеледі деген түсінікке негізделген. Прагматикалық еуразияшылдық интеграция — мақсат емес, қатысушы мемлекеттердің өзекті экономикалық проблемаларын шешу құралы деп пайымдайды. Ол «төменнен интеграцияны» қамтамасыз етуге бағытталған — тауарлардың, қызметтердің, еңбек пен капиталдың еркін қозғалысы, бұл интеграциялық жобаның ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен сәттілігінің кепілі болып табылады. Прагматикалық еуразияшылдық Батыста да, Шығыста да континент бойынша серіктестермен бірігу қажеттілігін түсінуге негізделген ашық регионализм идеологиясы болып табылады. Шын мәнінде, жаһанданған әлемдік экономика жағдайында аумақтық жақындығы, ұқсас әлеуметтік-экономикалық жүйелері, әлеуметтік-

мәдени дәстүрлері және ұзақ өмір сүру тәжірибесі бар елдер тобының бірлестіктеріне өмір сүру оңайырақ. ЕАЭО құру идеясы Назарбаевқа тиесілі, алайда В.В. Путиннің Ресей президенті болып сайлануымен ол шынайы мазмұнмен толықты, бірте-бірте қаржылық-экономикалық кескінге ие бола бастады. Жаңа альянс экономикалық прагматизм, өзара тиімділік және теңдік қағидаттарына негізделі бастады.

Еуразияшылдық мәселесі 20 ғасырдағы КСРО ыдырауы, жаңа мемлекеттердің пайда болуы сияқты Еуразия кеңістігінде орын алған бірқатар оқиғаларға байланысты, қайтадан өзекті бола бастады. Аталмыш феноменді зерттеу қажеттігі, ынтымақтастықтың жаңа формаларын іздеу, сыртқы саясатта жаңа бағыттарды анықтау қажеттігі туындай бастады. Кей зерттеушілер еуразиялық кеңістікті Атлантикадан Тынық мұхитына дейінгі көпдеңгейлі геосаяси кеңістік ретінде қарастырады [4]. Сәйкесінше, осы аймақтарда орын алып жатқан процестер ерекшеліктерге ие болса да, өзара бір біріне әсер етпей қоймайды.

Еуразия аймақтық масштабындағы интеграциялық процестер бірнеше кезеңнен өткендегі белгілі. Еуразиялық идея идеядан бастап кезең-кезеңмен ТМД, Кеден одағы, ЕурАзЭҚ, Еуразиялық экономикалық одақ түрінде нақты іске асыруға дейінгі жолды бұлжытпай кесіп өтуде. 2000-2014жылдар аралығында қызмет еткен Еуразиялық экономикалық қауымдастық бірқатар жетістіктерге жетіп, қазіргі әрекет етуші Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуына негіз болған болатын. Сондай-ақ қауымдастық аясында 2010жылы Кедендік одақ құрылып, 2018жылы жаңа бірыңғай ЕАЭО Кедендік кодексі қабылданған болатын. Жалпы, Кедендік Одақ құрылғаннан бері, макроэкономикалық артықшылығы мен тиімділігін байқауға болады. Кедендік Одақ қатысушы-елдер үшін бірқатар жақсы нәтижесін беруде. Шетелдік инвестициялардың тартылуы, ұлттық ЖІӨ өсуі, өнімнің өзіндік құнын арзандату және басқа да маңызды көрсеткіштер бойынша оң жетістіктерді нақты сандармен көрсетіп келеді. Ұлттық кедендік әкімшіліктер арасында кей мәселелер мен сәйкессіздіктер Кеден одағы комиссиясының тиімді жұмыстары нәтижесінде жойылып келеді. Кеден одағы қазақстандық өндірушілер үшін өткізу нарығының шекарасын Брест пен Владивосток аралығына дейін кеңейткен болатын. 2011 жылы қазақстандық экспорт Ресейге 60 пайызға артса, ал Беларусь мемлекетіне 2,3 еседен астамға өскен болатын. Сонымен қатар, кеден аумағы ішінде шетел валютасын алып жүруге қойылатын шектеулер алынып тасталды. Ал 2012жылдан бастап Еуразиялық экономикалық кеңістік қалыптасып, өзара сауда-экономикалық қатынастарды жеңілдету мақсатында бірқатар маңызды қадамдар жасалған болатын. 2025 жылдан бастап бірыңғай макроэкономикалық, антимонопольдік, валюталық және қаржылық саясат жүргізу жоспарлануда [5].

Еуразиялық кеңістіктегі ірі бірлестіктердің біріне айналып отырған Еуразиялық экономикалық одақ болса құрылған кезеңнен бергі жеті жыл ішінде айтарлықтай жетістікке жетіп отыр. Бұл ұйым туралы алғашқы қадам Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1994 жылы 29 наурызда Мәскеу мемлекеттік университетінде оқыған дәрісі барысында жасалғандығы мәлім. Бүгінде Еуразиялық экономикалық одақ бірқатар жетістіктерге жеткен ірі аймақтық ұйым деуге толықтай негіз бар. 7 жылдық тарихында ұйым 184,3 млн халқы бар ірі экономикалық бірлестікке айналды. 2019 жылғы есеп бойынша одақтағы жалпы ішкі өнім – 1,9 трлн долларды құраса, 2021 жылы үшінші елдермен ЕАЭО тауарларымен сыртқы сауда көлемі 844,2 млрд АҚШ долларды құрап, әлемдік экспорттың 2,8%-ын құрап отыр. Ал минералды тыңайтқыштар өндіру бойынша дүние жүзінде 1-орынды иеленсе, оған қоса мұнай өндірісі әлемдік өндірістің 14%-ын құрап отыр. 2019 жыл одақ үшін маңызды жылдардың бірі болды, себебі бірқатар елеулі құжаттар мен келісімдерге қол қойылған болатын. Атап айтқанда: ЕАЭО туралы шарттың 5-жылдығы, Еңбекшілерді зейнетақымен қамтамасыз ету туралы келісім, ЕАЭО

және Сингапур арасындағы еркін сауда туралы келісім, ЕАЭО және Сербия арасындағы еркін сауда туралы келісім, ЕАЭО және ҚХР арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім күшіне еніп, ЕАЭО және Иран арасындағы еркін сауда аймағын құруға әкелетін уақытша келісім қабылданған болатын [6]. Осы сияқты шаралар одақтың әлемдік қауымдастықтағы орнын айқындап, маңызын арттырған еді. Десе де, еуразиялық кеңістіктегі интеграциялық процесте өзіндік көптүрлілік бар. Яғни, бір жағынан елдер экономикаларын дамыту үшін бірыңғай экономикалық кеңістікке ұмтылса, екінші жағынан тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін саяси-дипломатиялық және әскери қатынастарды дамытуға тырысуда. Осы сияқты талаптарды іске асыру үшін одақтың әр субъектісінің жауапкершілігін арттыратын мықты механизмдерге қажеттілік туындауда. Әсіресе институционалдық, құқықтық, қаржылық, мәдени-идеологиялық механизмдер рөлі маңызды болып отыр.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, тарихи, яғни классикалық еуразиялықтардың идеялары, уақыт девальвациясына қарамастан олар қазіргі уақытта да өзектілігін сақтап қалғандығын атап өткен жөн. Өйткені олар ұзақ уақытқа созылған экономикалық қатынастармен, географиялық ландшафтпен және ғасырлар бойы ұқсас өркениеттік ерекшеліктердің қалыптасуымен байланысты іргелі геосаяси шындықтарды, ерекшеліктерді көрсетті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 <https://abai.kz/post/18180>
- 2 Назарбаев Н. А. Евразийский Союз: идеи, практика, перспективы, 1994-1997 гг. — Москва: Фонд содействия развитию социальных и политических наук, 1997. — 480 с. — ISBN 5-7556-0085-6.
- 3 Винокуров Е. Ю. Прагматическое евразийство // Россия в глобальной политике : журнал. — 2013. — 30 апреля (№ 2). — ISSN 1810-64
- 4 Л.Г. Коваленко Евразийский Союз: становление и развитие, ЕВРАЗИЙСТВО: теоретический потенциал и практические приложения, Материалы Девятой Всероссийской (с международным участием) научно-практической конференции Барнаул, 21-22 июня 2018 г., Издательство Алтайского государственного университета, 2018, 151-155с.
- 5 <https://krizis-kopilka.ru/archives/14517>
- 6 Еуразиялық экономикалық одақ ұйымының ресми сайты <http://www.eaeunion.org/?lang=kk#about>

УДК 327.99

ҚЫТАЙДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҮДДЕЛЕРІ

Жанаева Ақбота Абзалқызы

zhanaeva_a.a@mail.ru

Халықаралық қатынастар мамандығының 2 курс студенті,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.